

А.Ж. Абдиханова¹, Э.К. Мырзалиева²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент,
e-mail: alima1106@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент, e-mail: eta-2006@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-50 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ӨМІРДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада 1920-1950 жылдар аралығындағы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі діни жағдай мен кеңестік кезеңдегі дінге қарсы саясаттың жүзеге асыру ерекшеліктерін сипаттайды. Зерттеудің ақпараттық талдау негізін Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архивтің құжаттары құрайды. Архивтік материалдар негізінде ислам дінінің аймақ халқының рухани өмірде айтар-лықтай рөл атқарғаны және кеңестік идеологиялық қысымға бейімделе отырып сақталғаны анықталады. Ислам дінінің жағдайын, жергілікті діни дәстүрлердің сақталуы мен олардың уақыт өте келе өзгеру үрдістерін талдайды. Ислам діни дәстүрлермен қатар, зерттеуде аймақтың діни құрылымында православие, протестанттық, меннониттік, баптистік, Евангелист христиан-баптистік, елуінші күн, адвентистік, иудейлік және лютерандық қауымдар мұсылмандыққа қарағанда едәуір аз тараған және шектеулі әлеуметтік топтар шеңберінде қызметін жалғастырғанын көрсетеді. Олардың көпшілігі неміс, литва, украин, беларус ұлт өкілдерінен тұрды. Кеңестік оңтүстік өңірде православие және протестанттық дін осы этникалық топтардың өмірінде маңызды орын алып, олардың діни өмірінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде көрініс тапты. Зерттеу барысында кеңестік шектеулерге қарамастан діни бірлестіктердің сақталуы, олардың қоғамдағы орны мен даму динамикасы талданады. Мақалада қарастырылатын мәселенің өзектілігі қазіргі Қазақстандағы діни өмірдің қалыптасуына әсер ететін тарихи-мәдени, саяси және әлеуметтік факторлармен айқындалады. Соғыстан кейінгі кезеңде мешіттер мен шіркеулердің басым бөлігі ресми жабылды, бірақ діни қауымдастықтар өз қызметін бейресми түрде жалғастырады. Мұндай құбылыс аймақ халқының діни дәстүрге деген адалдығын және рухани сабақтастықтың үзілмегенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Оңтүстік Қазақстанның діни кеңістігі көпконфессиялды, тарихи сабақтастығы мен діни төзімділік дәстүрлері берік сақталған өңір екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: Ислам, конфессия, мешіт, діни саясат, атеизм, православие, протестанттық ағымдар.

А.Ж. Абдиханова¹, Э.К. Мырзалиева²

¹ кандидат исторических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Казахстан, Шымкент, e-mail: alima1106@mail.ru

² кандидат исторических наук, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Казахстан, Шымкент, e-mail: eta-2006@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0006-4512-6610>

ЭВОЛЮЦИЯ РЕЛИГИОЗНОЙ ЖИЗНИ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-1950 ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация

В статье рассматривается религиозная ситуация в Южно-Казахстанской области в 1920 – 1950-е годы и особенности реализации антирелигиозной политики в советский период. Информационный анализ исследования основан на документах Государственного архива Южно-Казахстанской области. На основе архивных материалов установлено, что ислам играл значительную роль в духовной жизни населения региона и смог сохраниться, адаптируясь к условиям советского идеологического давления. В статье анализируется состояние исламской религии, сохранения местных религиозных традиций и динамика их трансформации во времени. Наряду с исламскими религиозными традициями в исследовании показано, что в конфессиональном составе региона существовали православные, протестантские, меннонитские, баптистские, Евангельские христиано-баптистские, пятидесятнические, адвентистские, иудейские и лютеранские общины, однако их численность была незначительной, а деятельность охватывала лишь ограниченные социальные группы по сравнению с мусульманскими общинами. Основную часть данной группы составляли представители немецкой, литовской, украинской и белорусской национальностей. В южном регионе православие и протестантизм занимали важное место в жизни этих этнических групп и выступали одним из основных показателей их религиозной жизни. В исследовании проводится анализ сохранения религиозных объединений, их социальной роли и динамики в условиях советских ограничений. Актуальность проблемы, рассматриваемой в статье, обусловлена историко-культурными, политическими и социальными факторами, оказывающими влияние на формирование религиозной жизни в современном Казахстане. В послевоенный период большинство мечетей и церквей были закрыты, но религиозные общины продолжали свою деятельность в неофициальной форме. Это свидетельствует о сохранении духовных традиций населения региона и непрерывность религиозной преемственности. Результаты исследования подтверждают, что религиозное пространство Южного Казахстана отличалось многоконфессиональностью, исторической преемственностью и устойчивыми традициями религиозной толерантности.

Ключевые слова: Ислам, конфессия, мечеть, религиозная политика, атеизм, православие, протестантские движения.

¹*Candidate of Historical Sciences, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: alima1106@mail.ru*

²*Candidate of Historical Sciences, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: ema-2006@mail.ru*

EVOLUTION OF RELIGIOUS LIFE IN SOUTHERN KAZAKHSTAN IN 1920-1950 IN THE XX CENTURY

Abstract

This article examines the religious situation in the South Kazakhstan region from the 1920s to the 1950s and the implementation of anti-religious policies during the Soviet period. The study's information analysis is based on documents from the State Archives of the South Kazakhstan region. Archival materials reveal that Islam played a significant role in the spiritual life of the region's population and survived by adapting to the conditions of Soviet ideological policy. The article analyzes the state of the Islamic religion, the preservation of local religious traditions, and the dynamics of their transformation over time. Along with Islam religious traditions, the study shows that the region's denominations included Orthodox, Protestant, Mennonite, Baptist, Evangelical Christian-Baptist, Pentecostal, Adventist, Jewish, and Lutheran communities. However, their numbers were insignificant, and their activities covered only limited social groups compared to Muslim communities. The majority of this group consisted of representatives of German, Lithuanian, Ukrainian, and Belarusian ethnicities. In the southern region, Orthodox and Protestantism occupied a significant place in the lives of these ethnic groups and were among the main indicators of their religious life. This study analyzes the preservation of religious associations, their social role, and their dynamics under Soviet restrictions. The relevance of the problem examined in this article is determined by the historical, cultural, political and social factors influencing the formation of religious life in modern Kazakhstan. In the postwar period, most mosques and churches were closed, but religious communities continued their activities unofficially. This demonstrates the preservation of the spiritual traditions of the region's population and the continuity of religious continuity. The study's results confirm that the religious space of South Kazakhstan was distinguished by its multi-confessional nature, historical continuity, and strong traditions of religious tolerance.

Keywords: Islam, denomination, mosque, religious policy, atheism, Orthodoxy, Protestant movements.

Кіріспе. Кеңестік саясат діннің қоғамдық өмірдегі ықпалын шектеуге, мешіттер мен шіркеудің, басқа діни ағымдардың қызметін бақылау мен реттеуге бағытталған саясатты жүзеге асырды. Қазақстанның оңтүстік өңірлері жалпы мемлекеттік дін саясатының бір бөлігі болды. Денгенмен, оңтүстік аймақтар өзіндік этникалық, тарихи жағдайымен ерекшеленді. Кеңес өкіметінің алғашқы жарлықтарының шешімі прогрессивті мәнге ие болды, өйткені онда мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпау туралы атап көрсетілген. Жаңа өкіметтің саясатына алаңдаушылық білдіргенімен исламдық қауымдар қызметін жалғастыра берді. Жергілікті халықтың қолдауынан айырылып қалудан қорыққан большевиктер, алғашқы-да, бірден шабуылға кірісе алған жоқ. XX ғасырдың 30-шы жылдары дінге қарсы күрестің күшею процесі басталады. «Діни бірлестіктер» туралы шыққан заң [1] дін саясатындағы негізгі құқықтық актісі болды. Бұл заң 90-шы жылдарға дейін діни қызметкерлердің жұмысын реттеп тұрды және шіркеудің, мешіттердің, синагогалардың, ғибадатханалар мен дінге сенушілердің қызметін шектеді. Шіркеу мен мешіттерді, діни бірлестіктердің ғибадатханаларын тәркілеу, мемлекеттік тіркеу жасамау діни оқу орындары мен діни басылымдарын жабу, діни мекеме-лерден тыс жерде қандайда бір белсенділік танытуға тиым салу, тағы басқа осы бағыттағы іс-шаралар діни ұйымдармен күресудің негізгі әдістері болып табылды.

Оңтүстік Қазақстандағы діни ұйымдардың санына қарап және олардың тарихын мұқият зерделеу өкіметтің тыйым салу шараларына, дінге қарсы үгіт-насихатына қарамастан, діннің ықпалын шектеу мүмкін болмады. Оңтүстік өңірде ислам діні жай ғана тұрмыстық формаға ауысып күнделікті өмірмен тығыз қайнасып кетті. Партия ұйымдарының мүшелері де, комсомолдар да, қарапайым халық та күнделікті діни жоралғыларды салт-дәстүрдің бөлігі ретінде өз өмірінде сақтап қалды. Православие шіркеуі де өз позициясын жоғалтқан жоқ, сенушілердің саны азайған жоқ.

Қазақстан аумағында діни ахуалдың дамуы күрделі және бірыңғай болмады. Бұл саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, идеологиялық факторлармен анықталады. 1930-1940 жылдары халықтардың департациялануы барысында оңтүстік өңірде басқа конфессиялар саны айтарлықтай өсті. Осы жылдары католиктер, протестанттар, меннониттер, баптистер, Евангелист христиан-баптистер, елуінші күн, адвентистер, Иегова күәгерлері және т.б. санының өсуіне алып келді. Олардың көпшілігі неміс, литва, украин, беларус ұлт өкілдерінен тұрды.

Мақалада көтерілетін мәселенің өзектілігі қазіргі Қазақстандағы діни өмірге ықпалын тигізетін тарих-мәдени, саяси-әлеуметтік факторларға байланысты анықталады. Біріншіден, ислам дінінің жағдайын, жергілікті діни дәстүрлердің сақталу мен трансформациялану үрдістерін талдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, кеңестік саясатың бүкіл елде, соның ішінде оңтүстік өңірдегі православиялық және протестанттық діндер мемлекеттің тарапынан жүргізген қатан шектеулеріне қарамастан неміс, литва, украин т.б этникалық топтардың өмірінде маңызды рөл атқарады, діни өмірінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Үшіншіден, оңтүстік аймақтағы протестантизм тарихын зерттеу діни ағымдарды, олардың динамикасын мен даму қарқынын хронологиялық тізбекте салыстыруға мүмкіндік береді. Төртіншіден, қатаң мемлекеттік саясат жағдайында дін, сенім, әдет-ғұрыптарды сақтау мен оның уақыт талаптарына бейімделіп өзгеру механизмдерін анықтауға болады.

Мақсат: ХХ ғасырдың 30-50 жж. Оңтүстік Қазақстандағы ислам, православие, католик және протестанттық діни ағымдардың дамуын зерттеу. Протестантизмнің жағдайына кеңестік саясаттың ықпалын қарастыру.

Зерттеу міндеттері Оңтүстік Қазақстандағы кеңестік дінге қарсы саясат жағдайында діни бірлестіктердің қызметін, динамикасын және сенушілердің санын анықтауға бағытталған. Өңірде протестанттық қауымдардың тарағанын, олардың шоғырланған орталықтарын зерттеу.

Деректердің сапасы мен өзектілігін бағалау барысында географиялық және хронологиялық фактор негізге алынды. Зерттеу жұмысының шеңбері ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Оңтүстік өңірін қамти отырып, Оңтүстік Қазақстан өңіріне бағытталды. Бұл зерттеуде аймақ-тағы діни орындар, мешіттер мен шіркеулер, сондай-ақ протестанттық қауымдардың орналасу ерекшеліктері ескерілді. Орта Азияғы исламдық діни орталықтар - Түркістан, Сайрам қала-ларының орталасуы дінге ықпалы да талданады. Географиялық іріктеу барысында қазіргі Шымкент, Тараз, Түркістан және Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі өзге де қалалар мен облыс-тардағы діни бірлестіктердің кеңестік билік саясатына бейімделуі мен діни ахуал зерттеледі.

1920-1950 жылдардағы Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі діни жағдайды зерттеу хронологиялық іріктеу діни өмірдегі саяси өзгерістер қандай кезендерде болғанын анықтауға көмек береді. Дінге қатысты мемлекеттік саясаттық өзгеру қалай өзгергенін, оның күнделікті халықтың өміріне әсері қандай болды және әлеуметтік трансформация жағдайында діни ағымдардың дамуы мен сақталуын бағалауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми мақаланың ақпараттық талдау базасы Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатының материалдары құрады. Мұрағаттың қорын талдау барысында қызықты материалдар алынды. КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы дін істері жөніндегі Кеңестің Шымкент облысы бойынша уәкілетті өкілі материалдары жинақталған 1353 қор құжаттарымен жұмыс істеу барысында алынды. Бұл материалдарда өңірдегі діни ахуалдың толық ауқымы, оның ерекшеліктері мен дінге қарсы үгіт-насихат

шаралары көрсетілген. 121 қор – Шымкент облысының атқару комитетінің еңбекшілер депутаттары, 357 қор - Аудандық статистикалық есеп органдары, 86 қор - Мектептер мен халық ағарту бөлімінің 1949-1950 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы туралы есеп облыстағы діни ахуал туралы баяндамалар мен ақпараттар берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің мұрағатында 708 қор, РКП(б) Қырғыз (Қазақ) өлкелік комитетінің 139 қор, РКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 141 қор құжаттарында маңызды ақпараттар сақталынған. 708 қорда Оңтүстік Қазақстандағы ислам дінінің, орыс православие шіркеуінің және басқа конфессиялардың қызметі туралы ақпараттық есептер ерекше қызығушылық тудырады. Мақалада діни культтер, дінге қарсы үгіт-насихат бойынша партия съездерінің, конференциялар мен пленарлық отырыстардың қаулылары мен резолюциялары, оның орындалу барысы туралы материалдар қолданылды. Бұл дереккөздер тобына мемлекеттік мекемелерге діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініштер мен хаттар және діни ықпалға бейім деп саналатын коммунистердің жеке істерін партиялық бақылау комиссиялары қараған материалдар жатады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Мақалада қарастырылған ғылыми деректер мен зеттеулерді талдау нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан аймағындағы діннің эволюциялық даму ерекшеліктері мен кеңестік кезеңдегі діни саясаттың ықпалына қатысты келесі тұжырымдама-лар жасауға болады. Оңтүстік Қазақстан облысында 1951 жылы үш қала Шымкент, Түркістан, Ленгір және 20 аудан болды [2]. Олардың ішінде кейбір қалалар мен аудандар революцияға дейін әкімшілік және діни орталық ретінде айырықша рөл атқарған, мысалы, Түркістан қаласы, Шымкент қаласы, Сайрам ауылы. Түркістан қаласының діни маңызы Қожа Ахмет Яссауи атымен байланысты болса, Сайрам да (көне Исфиджаб) исламдық білім мен діни дәстүрдің ірі орталығы ретінде ерекшеленген. Олар бір кездері қазақ даласына діни ықпал ету мақсатында Бұхара және Ташкент қалаларымен бәсекелес болған. Революцияға дейін облыс территориясында 330 мешіт, оның ішінде Түркістан қаласында 40 мешіт, бірнеше медресе, Сайрамда – 30, Манкент аулында – 23, Шымкент қаласында – 43 мешіт пен мазардар орналасқан [3]. Қазан төңкерісінен кейін Кеңес өкіметі орнаған кезде, әсіресе 1930 жылдары ұжымдастыру науқаны барысында мешіттердің едәуір бөлігі жабылды. Архивтік деректерге сәйкес, осы кезеңде облыс аумағындағы мешіттердің жартысынан астамы өз қызметін тоқтақан. Ұлы Отан соғысына дейін аймақтағы барлық мешіттер ресми түрде жабылғанымен, кейбір ауылдық жерлерде мешіттер жұмысын жалғастырған, мысалы Сайрам ауданы Қара-бұлақ ауылында, Бостандық ауданы Сайлық аулында мешіттер қызмет еткен. Ұлы Отан соғыс жылдары орталық биліктің ресми рұқсатынсыз бірқатар аудандарда мешіттер қайта ашыла бастаған. Түркістан ауданында - 11, Сайрам ауданында – 9, Шымкент қаласында – 8 мешіт өз жұмысын қайта жалғастырған [4]. Соғыстан кейінгі жылдары Кеңес өкіметі тарапынан діни ұйымдардың қызметін шектеу және ғибадат орындарын жабу үрдісі жүйелі түрде жүргізілген. 1951 жылы облыс аумағында ресми небәрі төрт мешіт тіркелгені мәлім. Алайда, ресми тіркеуге алынбаған облыстың барлық аудандарында мұсылман қауымдары өз қызметін жалғастырған. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Діни істер жөніндегі уәкілдің есебінде «халықтың арасында мұсылман дініне сенушілердің саны біртіндеп азайды» деп көрсетілгенімен, бұл мәлімет нақты діни жағдайды толық бейнеле алмайды. Аймақ тұрғындары исламдық діни дәстүрлер мен ғұрыптарды сақтап, оларды тұрмыстық өмірде орындауды жалғастырған. Мысалы, мұсылмандардың басты мерекелерінің бірі – Құрбан айт облыстың барлық аудандарында кеңінен аталып өткен. Статистикалық мәліметтерге сәйкес Шымкент қаласындағы мешіттерге келушілердің саны жыл сайын артып отырған. 1948 жылы Құрбан Айт күні 3600 адам қатысса, 1949 жылы 4200 адамға жеткен. Жергілікті халық арасында сүндетке отырғызу діни әдет-ғұрпы да сақталған. 1947-1951 жылдар аралығында облыстағы мұсылман қауымдарынан мешіт ашуға және діни қызметті заңдастыруға қатысты 93 өтініш түскен. Бұл өтініштердің барлығы Діни істер жөніндегі уәкіл тарапынан қаралып,

қабылданбаған [5]. Осы деректердің барлығы жергілікті халық арасында ислам ықпалының біртіндеп, баяу қарқынмен әлсірегенін, яғни діни сана мен діни дәстүрдің әлеуметтік өмірмен сабақтастығын сақтап қалғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінің келесі мәсесі, бұл Оңтүстік Қазақстан діни құрылымы тұрғысынан көпконфессионалды өңір болып сипатталады. Мұнда ислам дінімен қатар православие және протестанттық діни ағымдар өкілдері өмір сүрген. Алайда олардың басым бөлігі кеңестік кезеңде ресми тіркеуден өтпеген, өз қызметін жасырын түрде жүргізуге мәжбүр болған. 1947 жылы аймақта 7 орыс православ шіркеуі жұмыс жасады. Евангелистік христиан-баптистердің діни қауымы да айтарлықтай белсенділік танытып, 1951 жылға қарай олардың мүшелерінің саны 271 адамға жеткен [6]. Иудейлік, лютерандық және армян шіркеуінің ресми тіркеуден өтпеген шағын қауымдары да аймақта өздерінің діни дәстүрлері мен ғибадат тәжірибелерін сақтап келген [7].

Зерттеу нәтижесінде, архивтік деректердің Кеңес өкіметінің дінге қарсы қатаң саясатына қарамастан, діни сенімнің жойылмағанын, керісінше бейресми түрде өмір сүруін жалғастырығанын айқын көрсетеді. Мешіттер мен шіркеулердің жаппай жабылуына қарамастан, халық арасында діни рәсімдер мен мерекелер атқарылуын тоқтатпаған. «1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы бірінші тоқсан бойынша өңірде діни ағымдардың құлдырау белгілері байқалмай-ған. Осы уақытқа дейін түрлі себептермен қауымды және ғибадат үйін тіркеуге рұқсат берілмеген сенушілер қайта тіркеуге рұқсат беру туралы өтініштерін беріп отыр. Олар Сайрам, Қаратас, Бостандың ауданындағы мұсылмандар, Черноводск аулындағы, Ленгір қаласындағы баптистер, Шымкент қаласындағы иудейлер, Киров, Пахтарал ауданындағы лютерандар, Ильичев, Қызық Құм ауданындағы армян шіркеуі» [8]. Аталған фактілер өңірдегі діни ұйымдардың өз қызметін сақтап қалуға және заңдастыруға деген ұмтылысының жоғары болғанын дәлелдейді.

Қазақстандағы дін мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау барысында дінге қарсы мемлекеттік саясат пен дін қызметкерлерінің құғын сүргінге ұшырауы және жергілікті тұрғындардың діни өміріне тигізген ықпалына арналған зерттеулер маңызды орын алады. Н.Д. Нуртазина [9.], А.К. Султанғалиева [10], З.Г. Сақтаганованың [11], Б.М. Ауанасованың [12], А.М. Джунусбаеваның [13] т.б. еңбектерінде Кеңес мемлекетінің дін саласындағы саясатының заңнамалық негіздеріне, дінге қарсы бағытталған идеологиялық және әкімшілік шаралардың негізгі нысандары мен әдістеріне назар аударылады. Қазақстанның аймақтарындағы діни өмірін зерттеген Л.А. Бургарт [14] зерттеулерінде Шығыс Қазақстанның, И.Рохозинский [15] Ю.В. Шаповал [16], Ж.С. Мажитова [17] зерттеулерінде Солтүстік Қазақстанның діни өмірдің күрделі динамикасын, этникалық әртүрлілік пен саяси құғын-сүргін жағдайындағы ерекшеліктерін қарастырады. С.Пейрус мақаласында Орта Азия республикаларындағы православие, протестанттық, католик және өзге де азшылық христиандық діни қозғалыстардың Кеңес өкіметі тұсындағы қызметі мен билік тарапынан реттелу ерекшеліктері талданады. Зерттеу барысында ислам үстемдік еткен кеңестігінде христиан қауымдарының қалыптасуы және дамуы, сондай-ақ кеңестік биліктің оларды тіркеу бақылау және кей жағдайда қудалау тәжірибесі қарастырылады [18]. Е.Е. Жақсылық тағы басқа зертеушілердің бір тобы Оңтүстік Қазақстандағы мемлекет пен ислам діни ұйымдардың өзара әрекеттесуін, мұсылмандық мерекелік рәсімдерді зерттеген [19]. Бірақ, ислам мен православиеден өзге конфессиялардың құрылымы және діни өмірдің күнделікті тәжірибесі арнайы зерттеу нысаны ретінде жан-жақты әрі жүйелі түрде талдауды қажет етеді.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап жүргізілген шектеу шаралары мен белсенді дінге қарсы үгіт-насихатқа қарамастан, діннің қоғамдағы рөлін түбегейлі жою мүмкін болмағандығын көрсетеді. Дін қоғамдық кеңістіктен, жеке күнделікті өмір саласына ығысып, жасырын сипатта өз қызметін жалғастырды. Оңтүстік Қазақстан аумағында ислам және христиандықты ұстанатын халықтар ұзақ тарихи кезеңдер бойында бейбіт және өзара түсіністік жағдайында өмір сүріп келеді. Кеңестік кезеңде Оңтүстік Қазақстанда ислам дінінің қоғамдық және мәдени өмірдегі рөлі төмендеген жоқ, халықтың басым бөлігі тіпті комсомол және партия ұйымына мүше болғанына қарамастан, күнделікті өмірде әдет-

ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді сақтауды жалғастырды. Православие шіркеуі де сенушілер санын азайтқан жоқ. Бірақ, Оңтүстік өңірдегі діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің нақты әрі толық саны жөніндегі мәлімет толық емес, ол бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, дінге қарсы саясаттың әсерінен азаматтар өз діни сенімін ашық көрсетуден бас тартты, бұл өз кезегінде ресми тіркеуге алынбаған діни тәжірибенің кең таралуына әкелді. Екіншіден, ресми статистикалық мәліметтер тек тіркелген діни мекемелер мен белсенді сенушілерді қамтыды, ал бейресми діни өмір мен жеке сенім практикасы есепке алынбады.

Діни істер жөніндегі уәкілдердің есептерінде көрсетілген мешіттер мен шіркеулерге, ғибадат үйлеріне барған дінге сенушілердің санына қатысты жүйелі мәліметтер келтіріледі және дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын күшейту қажеттілігі жиі көтеріліп, халық арасында атеистік тәрбиені кеңінен жүргізуге бағытталған ұсыныстар беріледі. Мұндай материалдар аймақтағы мұсылмандар мен христиандардың саны туралы мағлұмат береді. 1922 жылдың аяғында азамат соғысы, ашаршылық және жұттан кейін халық арасында діни қозғалыстардың жалпы өрлеуі басталды. Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Жетісу губерниялық комитеті хатшылығының жабық мәжілісінде 1926 жылғы 1 тамыздағы №12 хаттамада «мұсылман дінбасылары 458 молдадан тұрды...олардың 210-ы діни бірлестіктерге тіркелмеген. Ұлттық құрамы бойынша қазақтар – 400 молда, ұйғұр – 28 молда, дүнген -12 молда, қашқар-1 молда, өзбек – 4 молда, татар – 13 молда» [20]. Мұсылмандық діни мекемелер Қазақ-станның барлық аймақтарында жұмыс істеп әртүрлі ұлттардың қазақтар, татарлар, дүнгендер, өзбектердің дінбасыларын біріктірді. Қазақтар діни қызметкерлердің 90%-ын құрады [21].

Дінге сенушілер арасынан шыққан ұйымдастырушылар діни қауымдарды тіркеуге және ғибадатханаларды, шіркеулерді пайдалану туралы өтініш берді. 1922-1923 жылдар аралығында Әулие-Ата қаласына келіп түскен өтініштер бойынша тіркелген шіркеулер: Покровская шіркеуі мен Николаевский соборы [22]. Тіркеуден өтпеген діни қауымдар да болды.

Қазақстанға Одақтың бірқатар аймақтарынан халықтардың жер аударылуының нәтижесінде оңтүстік өңірде өзге конфессияларға сенушілер саны едәуір артты. Бұл жағдай діни ахуал мен діни ұйымдардың сандық құрамына ықпал етті. Мысалы, Әулие-Ата қаласында баптистер қауымының құрамында 13 ер адам, 29 әйел адам болған, жалпы саны - 42 адам [23]. Қауым аптасына үш рет жиналыс өткізіп, онда діни рәсімдерді орындады. Бұл кездесулерге баптистердің қатарында жоқ, алайда оларға жанашырлық танытатын азаматтар, соның ішінде әйелдер мен жасөспірімдер де қатысты.

Аулие-Ата қаласында орналасқан Евангелистік елушілер қауымы 1926 жылы баптистер бөлінген кезде қалыптасты. Қауым құрамы 12 адамнан тұрды, оның 5 ер, 7 әйел. Әлеуметтік жағынан барлық мүшелері кедей жұмысшылар мен қолөнершілер қатарынан шыққан, олардың көпшілігі хат танымады.

Жергілікті кеңестік билік Евангелистік елушілер қауымын баптистерге қарағанда анағұрлым зиянды секта ретінде бағалады. Мұндай көзқарас олардың діни жоралғыларында билік тарапынан «тағылық әдет-ғұрыптар» деп танылып, Кеңес өкіметінің идеологиясына сай келмейтін діни тәжірибелердің сенушілер арасында кең таралуына қауіп ретінде қарастырылып, қатаң бақылауға алынды. Бұл қауым да аптасына үш рет жиналыс өткізді, оған да жанашыр адамдар қатысты. 1928 жылы олардың қатарына екі комсомол мүшесінің қосылғаны да белгілі факт ретінде тіркелді. Соңғы уақытта қауым сандық тұрғыдан өсім көрсетпегенімен, керісінше, сапалық жағынан нығайған. Қауымның діни басшылығы баптистерге қарағанда әлдеқайда ұйымдасқан, және әйелдер арасында жұмыс жүргізетін арнайы үйірмелер жұмыс атқарды.

Жетінші күн адвентистерінің діни қауымы Әулие-Ата қаласының орталығына орналасты. Құрамы әлеуметтік жағынан жұмысшылардан тұратын 12 адам болды. Қауымды үш айлық адвентистер курсы бітірген Мәскеуден келген арнайы жетекші басқарды. Бұл 1926 жылдан бастап кеңейе бастап қауым құрамы 32 адамға дейін жетті.

1928 жылға дейін Әулие-Ата қаласында 16 адамнан тұратын Иегова куәгерлерінің діни қауымы болды, бірақ ол тарап, 4 адам ғана қалды, оның ішінде 45-70 жас аралығындағы 3 әйел және 1 ер адам. Әулие-Атада баптистердің болуы да атап өтіледі. Мысалы, Жуалы ауданында – 18 адам, Успенск ауыланда – 24 адам, Мерке ауданы, Мерке ауылында – 13 адам, Шу ауданы, Гуляевка ауылында – 45 адам [24].

Жоғарыда келтірілген деректерді негізге алатын болсақ, секталардағы дінге сенушілер санының аз болғанын көрсететі, жалпы саны шамамен 40-45 адамнан аспаған. Діни бірлестіктердің құрамы негізінен егде жастағы адамдардан тұрған, олардың үлесі жалпы сенушілер санының 70-75 пайызын құраған [25]. Кеңестік биліктің баптистерге, Евангелистік елушілерге, Жетінші күн адвентистеріне және Иегова куәгерлеріне әртүрлі деңгейде қадағалау жүргізіп, оларға қатысты көзқарастары біркелкі болмады.

Қазақстанның оңтүстік өңірдің көп конфессияналды аймақ ретінде қалыптасуына саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлар ықпал етті. Дегенмен, өңірдің бүкіл тарихи даму кезеңінде ислам діни басым дін ретінде айқындалды. КСРО-ның ислам аймақтарында «ғылыми атеизм» идеологиясы бұқаралық санада халықтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарға қарсы күрес ретінде қабылданғандықтан, кеңестік кезеңде дін идеологиялық шабуылдың негізгі нысанына айналды, яғни орыстандыру саясатының бір қырын көрсететін өзге көрінісі болып табылады.


Өкімет тарапынан жүргізілген дінге қатысты ырықтандыру саясатына шектеу қойылып, 1929 жылдан бастап дінге қарсы күрестің күшею процесі басталды. 1929 жылы сәуірде шығарылған «Діни бірлестіктер туралы» декрет Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің дін саясатындағы негізгі құқықтық актісі болды. Кеңес өкіметі дін қызметкерлерінің қызмет аясын қатаң шектеуге бағытталған саясат жүргізді. Оларға діни рәсімдер мен уағыздарды тек арнайы ғибадат орындарында - мешіттерде, шіркеулерде, монастырьларда, ғибадатханаларда, синагогаларда немесе дінге сенушілердің жеке үйлерінде ғана атқаруына рұқсат етілді. Діни өмір мемлекет тарапынан толық бақылауға алынып, діни қызметтің қоғамдағы рөлі шектелді. Діни ұйымдарға қарсы күрестің негізгі әдістері ретінде ғибадатханаларды, мешіттер мен шіркеулерді, синагогаларды тәркілеу, діни қауымдарды мемлекеттік тіркеуден өткізбеу, діни оқу орындары мен діни басылымдарды жабу, сондай-ақ шіркеу қабырғасынан тыс кез келген діни қызмет түріне іс жүзінде тиым салу қолданылды. Осы кезеңде бүкіл елде, оның ішінде Қазақстанда да исламды қудалау басталды. Қазақстанда 1928-1933 жж. 198 шіркеу мен мешіт жабылды. 1932 жылы мұсылман дінбасылары мен дінге сенушілерге қарсы репрессиялар басталды.

Репрессиялар мен тиым салуға қарамастан Оңтүстік Қазақстан облысының халқы ислам дінін ұстануын жалғастырды. Келесі деректерге назар аударсақ болады. «Қазан социалистік революциясынан кейін, Кеңес өкіметі орнаған кезде, әсіресе ұжымдастыру кезеңінде, 1930 жылы мешіттердің жартысынан көбі жабылды. Ұлы Отан соғысына дейін облыстағы барлық мешіттер жабылғанымен, іс жүзінде кейбір аудандарда, мешіттер ресми емес жұмыс істеген, мысалы, Сайрам ауданындағы Қара бұлақ ауыланда, Бостандық ауданындағы Сайлық ауылында. Соғыс жылдарында облыстың барлық аудандарында, әсіресе Түркістан ауданында – 11, Сайрам ауданында – 9, Шымкентте – 8 мешіт қайта тіркеусіз жұмыс істей бастады» [26]. 1941 жылдан бастап дін саласындағы орын алған кейбір жеңілдіктер мемлекет ұстанған дін саясатының негізгі қағидаларына тұтастай әсер еткен жоқ. Өкімет тарапынан уақытша дінге сенушілерге қатысты жұмсару байқалғанымен дінді қоғамның дамуына кедергі келтіретін кері құбылыс ретінде жүйелі түрде жоюды көздеді. Осындай саясаттың нәтижесінде 1946-1948 жылдар аралығында 68-ге жуық мешіт жабылды [27]. Қазақстанның ең діншіл аймағы болып саналатын Оңтүстік Қазақстан облысында мұсылман қауымдардың саны едәуір азайған. 1947 жылы бүкіл Шымкент қаласында екі мешіт ғана жұмыс істеген [28]. Мешіттердің саны шектеулі болғанына қарамастан, дінге сенушілердің саны бұл мешітте азайған жоқ. Мұсылман мерекелері кезінде мешіттерге жиналған жұрттың бір бөлігі ғана сыйып, қалғаны сыртта тұруға мәжбүр болған. Шымкент

қаласындағы тіркелген мешіттерге діни мейрамдарда, әсіресе «Құрбан айт» күндері сенушілердің саны артты. Мысалы, 1948 жылы 3600 адам болса, 1949 жылы 4200 адам болған. 1947-1951 жылдар аралығында облыстағы мұсылмандардан мешіт ашу туралы 93 өтініш түскен, бірақ бұл өтініштің барлығы қабылданбады [29].

50 жылдардың басында Оңтүстік Қазақстан облысында діни бірлестіктердің көпшілігі мұсылман қауымдары құрады, сонымен қатар Евангелистік христиан-баптистердің бір қауымы да өз қызметін жүзеге асырды. Ресми тіркелмегенімен, өздерінің діни бірлестіктерін тіркеуге және ғибадат үйлерін ашуға ұмтылған лютеран, еврей, армян қауымдары да қызмет етті. Оңтүстік Қазақстандағы діни ахуал туралы ақпараттық есепте: «Түлкібас ауданы, Ванновка ауылындағы, Сайрам ауданы Черноводск ауылындағы, Ленгер қаласынағы евангелистік христиан-баптистер; Шымкент қаласындағы еврейлер қауымы; Киров және Пахта-Арал аудандарында тұратын лютерандар; Ильичевск және Қызылқұм аудандарындағы армян шіркеуі тіркеу туралы және ғибадат үйін ашуға рұқсат беру туралы өтінішпен келді» [30].

Соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі кезеңде діни саясатта босаңсу байқалды ал, дінге қарсы үгіт-насихаттың негізгі назары фашизмге қарсы аударылды (31). Қазақстанда мұсылман емес конфессиялар арасында да белсенділік артты. Мәселен, 1947 жылы Шымкент облысында 3 православие шіркеуі қызмет атқарды, олар қаланың орталық, теміржол және зауыттық аудандарда орналасты. Бір-бірден Арыс, Түркістан аудандарында және Түлкібас аудандарында екі шіркеу болды. Аймақтағы православие дінін ұстанушылар санын Орыс православие шіркеуіне келушілердің есебінен бағамдауға болады. Архивтегі деректерге сүйенсек, 1947 жылы қыркүйекте 3791 адам, оның ішінде 8-20 жас аралығындағы жастар саны 299 адам; қазанда 3086 адам, оның ішінде 8-20 жас аралығындағы жастар саны 304 адам; қарашада 3095 адам, оның ішінде 8-20 жас аралығындағы жастар саны 306 адам; желтоқсанда 3771 адам, оның ішінде 8-20 жас аралығындағы жастар саны 375 адам. Яғни, қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында шіркеуге жалпы 18743 адам келген, оның ішінде 8 – 20 жас аралығындағы жастар саны 1284 адамнан тұрды [32].



1947 жылы қыркүйек пен желтоқсан айлары аралығында шіркеуге келушілер саны әр айда әртүрлі болған. Қыркүйек айында келушілердің саны ең жоғарғы деңгейде - 3791 адам болған. Қазан мен қарашада бұл көрсеткіш төмендеп, 3086 және 3095 шамасында тұрақтаған. Ал желтоқсан айында қайтады өсті. Бұл жағдай келушілер санының ауытқуын көрсетеді. Жастар (8-20 жас аралығындағы келушілер) санына келетін болсақ, олардың қатысу деңгейі айтарлықтай тұрақты болған. Қыркүйек пен желтоқсан арасындағы жастар 299-375 адамды құрады. Яғни, жастардың шіркеуге бару белсенділігі жалпы келушілер санына қарағанда айтарлықтай өзгермеген.

Жалпы алғанда, 1947 жылдың соңғы төрт айындағы мәліметтер шіркеуге келушілер санының күз айларында азайып, жыл соңында қайта артқанын көрсетеді. Бұл құбылыстың себебі діни мерекелердің өту уақытымен байланысты. Ал, жастардың қатысу деңгейі тұрақты сақталды және олардың үлесі барлық кешілердің шамамен 10 пайызын ғана құрайды.

1947 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы орыс православие шіркеулер тізімі [33].

№	Шіркеу атауы	Орналасқан аудан
1	Шымкент (Шымкент қаласы)	Шымкент қаласы, Орталық аудан
2	Ванновка (Ванновка ауылы)	Түлкібас ауданы
3	Чапаевка (Чапаевка елді мекені)	Шымкент қаласы, Теміржол аудан
4	Свинцовая (Свинцовая елді мекені)	Шымкент қаласы, Зауыттық аудан
5	Арыс (Арыс ауылы)	Арыс ауданы
6	Түркістан (Түркістан қаласы)	Түркістан ауданы
7	Түлкібас (Түлкібас станциясы)	Түлкібас ауданы

Соғыстан кейінгі кезеңде православиелік діни қауымдар саны аз және географиялық тұрғыдан шашыранқы орналасты. Бұл ең алдымен мемлекет тарапынан дінге деген бақылаудың күшеюімен байланысты, дегенмен, аз қауымның ішінде де дінге берік, белсенді адамдар сақталып қалды. Қауымның айтарлықтай бөлігі қарт азаматтар құрады. Егде жастағы адамдардың діни сенімге тұрақты болуы олардың рухани тірек іздегенін және дәстүрді сақтауға ұмтылғанын білдіреді. Яғни, дін қоғамдық өмірде толық жоғалып кетпей, қиын кездерде де өміршеңдігін сақтайды.


1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша дінге сенушілердің саны негізінен мұсылмандар мен православие дінін ұстанушылардан тұрды. Сонымен қатар, діни ландшафтта евангелиялық христиан-баптистер, еврей-иудаистер мен басқа да шағын діни топтар да тіркелді. Аталған мәліметтер тек ресми тіркеуден өткен немесе тіркеуге өтініш білдірген діни бірлестіктерге қатысты екенін атап өткен жөн. Бұл кезеңде ресми емес діни іс-әрекет жүргізген қауымдар мен жекелеген сенушілер саны есепке алынбады.

1947 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысындағы діни қауымдардың тізімі [34]

№	Діни қауымның немесе топтардың орналасқан жері	атауы	Сенушілер саны	Жетекшінің аты-жөні	ескерту
1	Шымкент қаласы, Орталық үй, Социалистическая көшесі №1	Евангелистік христиан-баптистер	250-350	Лозин Моисей Лукьянович	тіркелген
2	Шымкент қаласы, Орталық, Амангелді көшесі №21	мұсылман	1000-1200	Мықтыбаев Сарсенбай	тіркелген
3	Түркістан ауданы, Түркістан, Ескі қала №6а	мұсылман	800-1000	Орахирдинов Сидык	тіркелген
4	Сайрам ауданы		70-80	Черного	тіркелмеген
5	Шымкент қ., Зауыт ауд., Зауыт көшесі №18	мұсылман	400-500	Нарходжаев Файзулла	тіркелмеген
6	Сайрам ауданы, Сайрам ауылы	мұсылман	800-1000		Кеңестің қарауында
7	Түркістан ауданы, Хантаги ауылы	мұсылман	400-500		Кеңестің қарауында
8	Шымкент қаласы, Орталық, Амангелді көшесі №12	Жергілікті туземдік еврей/иудейлік	250-300		Кеңестің қарауында

9	Қаратау ауданы, Тұрбат ауылы	мұсылман	400-500		Кеңестің қарауында
10	Шымкент қ., Орталық, Мохнат к. №46	мұсылман	200-300		тіркелмеген
11	Шымкент ауыл кеңесі Сталин атындағы колхоз	мұсылман	200-300		тіркелмеген
12	Пахта-Арал ауданы, Бірлік ауыл кеңесі	мұсылман	500-600		тіркелмеген
13	Бостандық ауданы, Нургус ауылы	мұсылман	250-360		тіркелмеген
14	Бостандық ауданы, Хандайлік ауылы	мұсылман	200-250		тіркелмеген
15	Георгиевка ауданы, Сұлтан рабат ауылы	мұсылман	400-500		Шешім қабылдауға жатады
16	Георгиевка ауданы, Жарғалық ауылы	мұсылман	300-400		- // -
17	Арыс ауданы, Турлановка ауылы	мұсылман	200-250		Кеңестің қарауында
18	Арыс ауданы, Чапаевка колхозы	мұсылман	250-300		Шешім қабылдауға жатады
19	Түлкібас ауданы, Үш бұлақ ауылы	мұсылман	250-300		- // -
20	Сарыағаш ауданы, Наркүс ауылы	мұсылман	300-350		- // -
21	Арыс ауданы, Арыс ауылы	мұсылман	40-50		- // -
22	Арыс ауданы	мұсылман	200-250		- // -
23	Шауілдір ауданы, Отрар ауылы	мұсылман	250-300		- // -
24	Ленгір қаласы	Евангелистік христиан- баптистер	20-25		- // -

Берілген мәліметтер Оңтүстік Қазақстан облысында діни қауымдардың сандық құрамын сипаттайды. Қауымдардың басым бөлігі тіркелмеген және кеңестік биліктің қатаң бақылауда болған. Бұл жағдай Кеңестік өкіметтің атеистік саясатының нәтижесі болып табылады. Мемлекет діннің қоғамдағы ықпалын шектеу мақсатында діни ұйымдардың қызметіне заңды тұрғыдан реттеп, олардың іс-әрекетін шектеуге ұмтылған. Кестеде көрсетілген 24 діни қауымның тек үшеуі ғана ресми тіркелген, ал қалғандары рұсатсыз қызмет атқарған. Сонымен қатар, көптеген қауым басшыларының аты-жөні көрсетілмеген. Басшылары көрсетілмеген қауымдар арасында мұсылмандық сенімдегілердің басым болып, ал христиан-баптистер мен иудейлік қауымдар саны жағынан едәуір аз екендігі байқалады.



Аймақтық тұрғыдан қарағанда, діни қауымдар негізінен Шымкент, Түркістан, Сайрам, Арыс, Бостандық, және Георгиевка аудандарында шоғырланған. Шымкент қаласы діни өмірдің ең белсенді орталығы ретінде ерекшеленеді, мұнда мұсылман, евангелистік және иудейлік қауымдар қатар өмір сүрген. Түркістан мен Сайрам аудандары дәстүрлі түрде ислам дінінің тарихи орталықтары саналып, бұл өңірде тіркелген сенушілердің саны 1200 - 2500 адамға дейін жетті. Бұл кестеде сенушілер саны көрсетілмеген немесе мәліметтері толық емес аймақтар мен діни қауымдар талдау нәтижесіне енгізілмеді [35].

1947 жылы діни ғибадат үйлерін ашу мақсатында мұсылман қауымынан – 13, еврей қауымынан – 1 және евангелистік христиан-баптистерден – 3 өтініш тіркелген. Алайда олардың барлығы әртүрлі, негізсіз себептермен тіркеуден өткізілмеген. Көптеген мұсылман қауымдары қажетті ресми құжаттардың толық болмауына байланысты тіркеуден өте алмаған. Шымкент қаласында Амангелді көшесі, 12-үй мекенжайындағы бұрынғы синагога ғимараты жатақхана ретінде пайдаланылғандықтан, еврей қауымының өтініші қанағаттандырылмаған. Қызыл-Құм және Ленгір қаласында орналасқан евангелистік-христиан баптистер қауымдарының тіркеуден өтпеуіне сенушілер санының жеткіліксіздігі, яғни 20 адамнан аз болуы себеп болған.

Тіркеуден бас тартуға қарамастан, әртүрлі діни конфессия өкілдері жаңа ғибадат үйлерін ашу жөніндегі өтініштерін беруді жалғастырған. Бұл аймақтағы діни сенім иелерінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген тұрақты ұмтылысты айғақтайды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде анықталғандай, Оңтүстік Қазақстанда Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясаты ұзақ мерзім бойы жүйелі түрде жүргізілгенімен, діни сананы түбегейлі жою мүмкін болмаған. Архивтік деректер мен статистикалық мәліметтер халықтың діни дәстүрлерге адалдығын және ислам діні мен басқа конфессиялардың аймақтық мәдениеттігі орын сақтап қалғанын көрсетеді. Кеңес билігі тарапынан мешіттер мен шіркеулердің, ғибадатханалардың жаппай жабылуы, діни қызметкерлердің қуғынға ұшырауы, діни ұйымдарды тіркеуге тыйым салу сияқты шектеу шараларына қарамастан, дінге сенушілер өз нанымдарын тұрмыстық және қауымдық деңгейде жалғастырған.

Соғыстан кейінгі кезеңде діни ұйымдардың ресми тіркелу деңгейі төмендегенімен, халық арасында діни дәстүрлер мен мерекелердің аталып өтуі жалғасын тапқан. Бұл құбылыс кеңестік идеологиялық шектеулер жандайында да діни сана мен қоғамдық өмірдің өзара байланысының сақталғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері Оңтүстік Қазақстанның діни кеңістігі көпконфессионалдық сипатта болғанын дәлелдейді. Аймақ халқының көпшілігі ислам дінін ұстанғанымен, мұнда православие, протестанттық, иудейлік, лютерандық және армян діни қауымдарының өкілдері

өмір сүріп, өздерінің діни дәстүрлері мен ғибадат тәжірибелерін жалғастырған. Бұл құбылыс өмірдің тарихи-мәдени алуан түрлілігін әрі діни төзімділік дәстүрлерінің сақталғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, 1920-1950 жылдар аралығындағы Оңтүстік Қазақстандағы діни өмір кеңестік атеистік саясаттың қатаң қысымына қарамастан, бейімделу үрдістері, бейресми діни қызмет пен рухани дәстүрдің үздіксіздігі арқылы өзінің өміршеңдігін сақтап қалған күрделі тарихи-әлеуметтік құбылыс ретінде сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «О религиозных объединениях» Постановления ВЦИК и СНК РСФР от 8 апреля 1929 года <https://www.pravenc.ru/text/2578029.html>
2. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 8-іс, 199-п.
3. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 8-іс, 200-п.
4. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 8-іс, 201-п.
5. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 8-іс, 200-п.
6. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 6-іс, 58-п.
7. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 28-іс, 175-п.
8. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 15-іс, 8-п.
9. Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века / Н.Д.Нуртазина. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. [текст] <https://www.studmed.ru/>
10. Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история: этничность и общество. - Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 1998 – 188 с.
11. Сактаганова З.Г. Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в. [текст] <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya>
12. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): дис. ...канд.ист.наук. – Уральск, 2007. – 135с.
13. Джунусбаева А.М., Шамшиденова Ф.М., Маликов Б.У. О религиозной ситуации в Казахстане накануне Великой Отечественной войны [текст] <http://library.wku.edu.kz/>
14. Бургарт Л.А. Религиозные группы немцев-спецпоселенцев в ВКО по материалам агентурно-осведомительной сети НКВД (40-е – 50-е гг.) // Культура немцев Казахстана: история и современность / ред. С.К.Вензель. – Алматы: Типография немецкого дома, 1999. – С.112-122 <https://cyberleninka.ru>
15. Jerzy Rohoziński «“Licensed” and “underground” religious revival in postwar northern Soviet Kazakhstan» <https://www.researchgate>.
16. Шаповал Ю.В. Борьба советской власти с мусульманским духовенством в Северном Казахстане в 20-30-е годы XX века: от статус «лишенец» до «участников контрреволюционных организаций» [текст] <https://mysl.kazgazeta.kz/news/16420>
17. Мажитова Ж.С., Ильясова К.М. Шамшиева Г.С. История религиозной жизни немецкого населения Северо-Казахстанской области в конце 1950-х гг. по докладным запискам в Совет Министров СССР (по материалам Северо-Казахстанского государственного архива) [текст] <https://bulhistphaa.eni.kz>
18. Peyrouse, Sébastien Christian Movements in Central Asia: Managing a Religious Minority in Soviet Times <https://src-h.slav.hokudai.ac.jp/publicatn/acta/25/peyrouse.pdf>
19. Жақсылық Қ.Қ. 1946-1960 жылдардағы оңтүстік өңірдегі ислам діни мерекелік рәсімдері [текст] <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz>
20. ҚР ПА 141 қор, 1-тізбе, 933-іс, 4-п

21. Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX–XX вв) (историко-этнографическое исследование): автореф. ... докт.ист.наук. – Алматы, 2006. – 42 б
22. ӨзР ОМА 39-Р қор, 1-тізбе, 659б-іс, 52-п
23. ТОМА 2079 қор, 1-тізбе, 4-іс, 13-п.
24. ТОМА 2079 қор, 1-тізбе, 4-іс, 23-п.
25. ҚР ОМА 2079 қор, 1-тізбе, 8-іс, 179-п
26. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 44-іс, 116-п..
27. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 44-іс, 117-п.
28. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 44-іс, 5-п.
29. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 6-іс, 214-п.
30. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 6-іс, 20-п .
31. Джунусбаева А.М., Джунусбаев С.М. Из истории деятельности Союза воинствующих безбожников Казахстана. / Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия» №7 2025. - Т.30, вып. 2(118). – 30-41 с. <https://rep.ksu.kz/handle/data/20687?show=full>
32. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 6-іс, 20-п .
33. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 6-іс, 58-п.
34. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 15-іс, 2-п
35. ТОМА 1353 қор, 2-тізбе, 15-іс, 3-п.

References:

- 1 «O religioznikh obedineniyakh» Postanovleniya VCIK i CNK RSFR ot 8 aprelya 1929 goda <https://www.pravenc.ru/text/2578029.html>
- 2 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 8-is, 199-p
- 3 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 8-is, 200-p
- 4 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 8-is, 201-p
- 5 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 8-is, 200-p
- 6 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 58-p
- 7 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 28-is, 175-p
- 8 ТОМА 1353 kor, 2-tizbe, 15-is, 8-p
- 9 Nurtazuna N.D. Bor'ba s islamom. Religioznaya politika Sovetskoy vlasti v Kazakhstane v 20-40-ye gody XX veka / N.D. Nurtazuna. – Almaty: Kazakh Universiteti, 2008 [tekst] <https://www.studmed.ru/>
- 10 Sultangaliva A.K. Islam v Kazakhstane: istoriya: etnichnost' i obshchestvo. Almaty, Kazakhstanskiy institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente Respubliki Kazakhstan, 1998 – 188 s.
- 11 Saktaganova Z.G. Sovetskaya model gosudarstvennoy religioznoy politiki v Kazakhstane I religioznaya povsednevnost kazakhstantsev vo vtorom polugodii XX v. [tekst] <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya>
- 12 Auanasova B.M. Istoriya vzniknoveniya otnosheniy vperevyye v Kazakhstane (na primere islama 1941-1991 gg.): dis. ...kand.ist.nauk. – Uralsk, 2007.-135s.
- 13 Dzhunusbayeva A.M., Shamshidenova F.M., Malikov B.U. O religioznykh situatsiyakh v Kazakhstane nakanune Velikoy Otechestvennoy voyny. [tekst] <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz>
- 14 Burgart L.A. Religioznyye gruppy nemtsev-spetsposelentsev v VKO po materialam agenturno-osvedomitel'noy seti NKVD (40-ye – 50-ye gg.) // Kul'tura nemtsev Kazakhstana: istoriya i sovremennost' / red. S.K. Venzel'. – Almaty: Tipografiya nemetskogo doma, 1999. – S.112-122. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz>
- 15 Yezhi Rogozinskiy «LitsenZIONnoye» i «podpol'noye» religioznoye vozrozhdeniye v poslevoyennom severnom sovetskom Kazakhstane» [tekst]

16 Shapoval YU.V. *Bor'ba sovetskoj vlasti s musul'manskim dukhovstvom v Severnom Kazakhstane v 20-30-ye gody KHKH: vek ot satusp «lishentse» do «uchastnikov kontrrevolyutsionnykh organizatsiy»* [tekst] <https://mysl.kazgazeta.kz/news/16420>

17 Mazhitova ZH.S., Il'yasova K.M., Shamahiyeva G.S. *Istoriya religioznoy zhizni nemetskogo naseleniya Severo-Kazakhstanskoy oblasti v kontse 1950-kh gg. Po dokladnym zapiskam v Sovete Ministrov SSSR (po materialam Severo-Kazakhstanskogo gosudarstvennogo arkiva)* [tekst] <https://bulhistphaa.enu.kz>

18 Peyruz, Sebast'yan *Khristianskiye dvizheniya v Tsentral'noy Azii: upravleniye religioznym men'shinstvom v sovetskiye vremena* [tekst]

<https://src-h.slav.hokudai.ac.jp/publicntn/acta/25/peyrouse.pdf>

19 Zhaksylyk K.K. *1946-1960 zhyldardagy ontustik onirdegi islam dinikelik rasimderi* [tekst] <https://bulletin-histsopolit.kaznpu.kz>

20 KR PA 141 kor, 1-tizbe, 933-is, 4-p

21 Mustafina R.M. *Bytovoy islam u kazakhov (KHIKH – KHKH vv) (istoriko-etnograficheskoye issledovaniye): avtoref. ...dokt., ist.nauk. – Almaty, 2006. 42 b.*

22 OzR OMA 39-R kor, 1-tizbe, 659b-is, 52-p

23 TOMA 2079 kor, 1-tizbe, 4-is, 13-p

24 TOMA 2079 kor, 1-tizbe, 4-is, 23-p

25 TOMA 2079 kor, 1-tizbe, 8-is, 179-p

26 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 44-is, 116-p

27 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 44-is, 117-p

28 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 5-p

29 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 214-p

30 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 20-p

31 Dzhunusbaeva F.M., Dzhunusbaev S.M. *Iz istorii deyatelnosti Soyuza voinstvuyushikh bezbozhnikov Kazakhstana / Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». - 2025. - T.30, vyp.2(118). – 30-41s* <https://rep.ksu.kz/handle/data/20687?show=full>

32 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 20-p

33 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 6-is, 58-p

34 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 15-is, 2-p

35 TOMA 1353 kor, 2-tizbe, 15-is, 3-p